

БАСПАҚОЖЕ
жазылу

222



ASTANA
AQSHAMY

АСТАНА

ELORDA.INFO

Нағыз журналист, нағыз жазушы еді



Кеше Астанада белгілі жазушы-публицист, «Құрмет» орденішің иегері, Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі Жылқыбай Жағыпарұлы тұрған үйге орнатылған ескерткіш-тақта ашылды. Қаламгердің туғанына 70 жыл толуына орайластырылған атаптыш іс-шара Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық Мәдениет басқармасының тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі комиссияның шешімімен іске асты.

Жылқыбай Жағыпарұлы жарты ғасырға жуық ғұмырын қазақ баспасөзіне арнады. Еңбек жолын Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газетінен бастап, осы басылымда 30 жылға тарта табан аудармастан жұмыс істеді. Әдеби қызметкерден бас редактордың орынбасарына дейін көтерілді. Одан соң «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет істеп, зейнетке шықты. Көркем шығармаларды жазып, жазушы ретінде де танылды. Қазақстан Журналистер және Жазушылар одақтарының мүшесі атанды. Ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатында алғашқы сөзді алған Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абраимов қаламгердің елорданың өркендеуіне қосқан үлесін, кешегі Ақмола-Целиноград кезіндегі қаланың жалғыз қазақ мектебі – Жамбыл атындағы №4 мектепті сақтаудағы, орыс мектептерінде қазақ сыныптарын ашудағы еңбегін атап өтті.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы Жылқыбай Жағыпарұлының отаншылдық бағытындағы істеріне тоқталды.

– Эр қаланың өзінің отаншыл, патриот адамдары, әр шаһардың өзінің бағына айналған тұлғалары, қаламгерлері болады. Жылқыбай ағамызды сол деңгейден көреміз. Ақмола-Целиноград кезінде өте қын кезеңдер болды. Ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған кезеңде осында санаулы ғана ат төбеліндей азаматтар ұлттық мәселелердің басы-қасында жүрді. Оларды саяси-қоғамдық аренага шығарған, әрине, біздің тарихымыз, күрделі тағдырымыз, өскен орта.

Жылқыбай ағамыз журналист ретінде де, жазушы ретінде де өзін қаламымен, еңбегімен, мәндай терімен қалыптастырды, – деді Дихан Қамзабекұлы.

Академик қаламгердің қазақ жастарын білімге тартудағы ағалық қамқорлығына тоқталып, «Егемен Қазақстан» газеті арқылы елдің де, ердің де, тарихтың да, тағдырдың да түрлі кезеңін сипаттайтын мақалалар жазғанын айтты. Ескерткіш-тақтаны орнатудың мән-маңызын атап өтті.

«Арқа ажары» газетінің ардагері Рахия Әлібекова Жылқыбай Жағыпарұлының адамгершілік, қаламгерлік қасиеттеріне, еңбеккорлығына тоқталды. Белгілі журналист Жанболат Аупбаев осыдан ширек ғасыр бұрын «Егемен Қазақстан» газеті елордаға көшін келгенде қарсы алған адамдардың қатарында Жылқыбай Жағыпарұлы болғанын айттып, қаламгердің «Егемен Қазақстанда» жұмыс істеген кезеңін, оның елді елең еткізген мақалаларын еске алды.

«Казір құндылықтар құлдырап, өзін-өзі жарнамалаған жылтырақтар төрге шығып отырған заманда соларға қарсы қойып, үлгі көрсететін тұлға Жылқыбай Жағыпарұлы деп айттар едім. Ол кісі нағыз журналист, нағыз жазушы, нағыз қазақтың азаматы еді. Бұл басы ғана, ертең әртүрлі еске алу шаrasы өтіп, кітаптары да шығады деп ойлаймын. Өзіміз қадірін біле бермейді екенбіз, алтынның қолда барда қадірін білгенге не жетсін?!» деген «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр жазушы Әділбек Алпысбай Жылқыбай Жағыпарұлының «Қарасарт» кітabyна тамаша талдау жасағанын атап өтті.

Қаламгердің көршісі Орынбасар Жәнібек Жылқыбай Жағыпарұлының тәуелсіздіктің келуі мен орнығына қосқан үлесіне, адами болмысына тоқталды. «Зар нала» кітабының оқырмандарға, өзіне әсері туралы әңгімеледі. Жылқыбай Жағыпарұлының 1979 жылы Ақмолада неміс автономиясының құрылудың қарсы еңбегін, сонда Махамбет Өтемісұлының жалынды жырларын таратқанын айтты. Белгілі ақын Тортай Сәдуақас қаламгерге арналған арнауын оқып берді. Жылқыбай Жағыпарұлының жары Қарлығаш Жағыпарова ескерткіш-тақтаның ашылуына атсалысқан азаматтарға алғыс айтты.

Аманғали Қалжанов